

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау жөніндегі арнайы уәкілетті органдардың кейбір мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 сәуірдегі N 466 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.08.026. N 896 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының " Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы " 1993 жылғы 21 қазандағы және " Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы " 1998 жылғы 30 желтоқсандағы Заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

1) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау жөніндегі арнайы уәкілетті органдардың арнайы құралдар мен атыс қаруын сақтау, алып жүру және қолдану құқығы берілген лауазымды тұлғалардың тізбесі;

2) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау жөніндегі арнайы уәкілетті органдардың лауазымды тұлғаларының арнайы құралдар мен атыс қаруын сақтау, алып жүру және қолдану ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2004

жылғы

26

сәуірдегі

N

466

қаулысымен

бекітілген

Арнайы құралдар мен атыс қаруын сақтау, алып жүру және қолдану құқығы берілген жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау жөнінде арнайы уәкілетті органдардың лауазымды тұлғаларының

Тізбесі

Балық ресурстарын қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектор - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті аумақтық басқармасының қызметкері.

Мемлекеттік инспектор - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті орталық аппаратының қызметкері.

Мемлекеттік инспектор - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті аумақтық орман және аңшылық шаруашылығы басқармасының қызметкері.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторы.

Лауазымды тұлғалар - жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау жөнінде арнайы уәкілетті органдардың қарауындағы мамандандырылған ұйымдардың жануарлар дүниесін күзетуді тікелей жүзеге асыратын инспектор, қорықшы, аңшылық маманы.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4 ж ы л ғ ы 2 6 с ә у і р д е г і

№ 4 6 6 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау жөнінде арнайы уәкілетті органдардың лауазымды тұлғаларының арнайы құралдар мен атыс қаруын сақтау, альп жүру және қолдану Ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау жөнінде арнайы уәкілетті органдардың лауазымды тұлғаларының, (бұдан әрі - арнайы уәкілетті орган) сондай-ақ жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау жөнінде арнайы уәкілетті органдардың қарауындағы мамандандырылған ұйымдардың (бұдан әрі - арнайы мамандандырылған ұйымдар) жануарлар дүниесін күзетуді тікелей жүзеге асыратын лауазымды

тұлғаларының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы тәртіп бұзушылықтың алдын алу және тыю, жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қызмет міндеттерін орындауы кезінде олардың арнайы құралдар мен атыс қаруын сақтау, алып жүру және қолдану тәртібін айқындайды.

2. Арнайы құралдар мен атыс қаруын сақтау ережесі

2. Арнайы құралдар (қол кісендері, резина таяқшасы, жалтырауық шамдар, жеке басын броньмен қорғау құралдары, көлікті тоқтауға мәжбүр ету құрылғылары), атыс қаруы мен оның оқтары арнайы жабдықталған сақтау о р ы н д а р ы н д а с а қ т а л а д ы .

3. Ішкі істер органдарымен келісім бойынша арнайы құралдарды, атыс қаруы мен оның оқтарын арнайы уәкілетті органдар мен мамандандырылған ұйымдардың лауазымды тұлғалары тұрақты тұратын жерде арнайы құралдарға атыс қаруы мен оның оқтарын бөтен адамдардың қолы жетпейтін металл шкафтарда (сейфтерде) сақтауға жол беріледі. Бұл ретте металл шкафтар (сейфтер) еденге немесе қабырғаға берік бекітілуге және сенімді (кемінде екі) ішкі құлыппен қалыңдығы кемінде 3 миллиметр қабырғасы болуға тиіс.

3. Арнайы құралдар мен атыс қаруын алып жүру және қолдану тәртібі

4. Лауазымды тұлғалар табиғат қорғау іс-шараларын жүргізу алдында арнайы уәкілеттік алған органдар мен мамандандырылған ұйымдар басшыларының рұқсатнамалары бойынша арнайы құралдармен және атыс қаруымен қамтамасыз етіледі, олар арнайы құралдар мен атыс қаруын берудің есебін жүргізу журналында тіркеледі. Іс-шаралар аяқталғаннан кейін арнайы құралдар мен атыс қаруы олардың сақталуына жауапты тұлғаға қолы қойып тапсырылады.

5. Арнайы құралдарды, атыс қаруы мен оның оқтарын басқа тұлғаларға б е р у г е б о л м а й д ы .

6. Атыс қаруын оқтаулы күйінде алып жүруге болмайды.

7. Арнайы құралдар мен атыс қаруы төтенше жағдайларда ғана:

- 1) жануарлар дүниесінің күзетін қамтамасыз ету;
 - 2) табиғат қорғау заңнамасының құқық бұзушылары дене күшімен қарсылық көрсеткен жағдайда оларды ұстау және ұсталған адамдарды жеке басын анықтау үшін ішкі істер органдарына жеткізу;
 - 3) көмегімен құқық бұзушылық жасалған көлік құралын тоқтату және ұстау;
 - 4) дабыл белгісін беру немесе көмекке шақыру үшін қолданылады.
8. Арнайы құралдар мен атыс қаруын пайдалануды кідірту лауазымды

адамның өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төндіретін немесе өзге де ауыр зардаптарға душар етуі мүмкін жағдайларды қоспағанда, оларды қолдану кезінде ол өзіне қарсы қолданылатын тұлғаға ескерту жасалып, лауазымды тұлғаның талаптарын орындауы үшін жеткілікті уақыт берілуі тиіс.

9. Атыс қаруы қолданылған жағдайда оны қолданған арнайы уәкілетті органдардың немесе мамандандырылған ұйымдардың лауазымды тұлғасы:

- 1) зардап шеккендерге шұғыл медициналық жәрдем көрсету;
- 2) өзінің басшылығына, прокуратура және ішкі істер органдарына дереу хабарлау үшін шаралар қолданады.

Кісі өлімі болған жағдайда арнайы прокуратура немесе ішкі істер органының өкілі келгенше уәкілетті органдардың немесе мамандандырылған ұйымдардың лауазымды тұлғасы қаза тапқан кісі денесін күзетуді және болған оқиға ахуалын сақтауды қамтамасыз етеді.

10. Арнайы құралдар мен атыс қаруын кәмелетке толмаған жастар, әйелдер, айқын мүгедектік белгісі бар адамдар қарулы қарсылық көрсеткен жағдайларды қоспағанда, оларға қарсы қолдануға болмайды.

4. Арнайы құралдар мен атыс қаруын сақтау, алып жүру және қолдану тәртібін бұзғаны үшін жауапкершілік

11. Арнайы құралдар мен атыс қаруын сақтау, алып жүру және қолдану ережесін бұзғаны үшін арнайы уәкілетті органдардың немесе мамандандырылған ұйымдардың лауазымды тұлғалары заңнамамен белгіленген тәртіппен жауаптылықта болады.